

Мұратбек ТОҚТАҒАЗИН

ДЕРЕКТІЛІК

82.512.122

753

ПЕН

КӨРКЕМДІК

монография



М.Т. Тоқтағазин

Белгісі жұрнамы  
Израиль пошта қызметі  
Толмаш  
Израиль!

Бізден біз біз жұрнақ  
суденті кезінде кезектен емдіз.  
Енді, итпе, содан тал ай сәт  
Откенде тарада кезекте.  
Кезектен таласа бұтты,  
бауырлы. Толымның дауы  
молына бізді мақсатпен  
мәңгілікте үшн тіркелген  
Алаш тілімен  
Израиль

10. 10. 2003 ж.  
Алматы.



Кыргызстан  
Меркент  
Кети!

Биздин аялымы  
субанчи'вди'к жемсиди  
бончона уан керектен  
Алексеян.

Кемчсе, далаларга  
атамы болу.

Жураман, З. Жураманов

6.08.2010 ш.  
Алматы.



**Мұратбек  
ТОҚТАҒАЗИН**

---

---



**ДЕРЕКТІЛІК  
ПЕН  
КӨРКЕМДІК**

**жазушы Әзілхан Нұршайықов  
шығармашылығы негізінде**



Алматы  
2012 жыл

82.512.122.06

УДК 821.512.122.0

ББК 84 Қаз 7-5

Т 53

**Жауапты редактор — филология ғылымдарының докторы,  
профессор Б.Омаров**

**Пікір жазғандар — филология ғылымдарының докторы,  
профессор Ж.Жарылғапов, филология ғылымдарының кандидаты,  
доцент Қ.Кемеңгер**

Токтағазин М.

Т 53

Деректілік пен көркемдік. - Алматы: Ағна-б, 2012. — 192 бет


ISBN 978-601-7221-50-8

Бұл монография көрнекті қаламгер, Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Әзілхан Нұршайықовтың шығармашылығына арналған. Зерттеуші автор өз еңбегінде жазушының деректік негіз бен көркемдік сипатты үйлестіре бейнелеу тәсілдерінің қыр-сырын ашуға ден қойған. Сонымен қатар қаламгердің өзіндік стилі, шығармашылық лабораториясы, эпистолярлық туындылары, күнделікке түскен жазбаларды пайдалану машығы жөнінде ғылыми байлам-байыптамалар жасалған.

*Әзілхан Нұршайықов*

УДК 821.512.122.0


ББК 84 Қаз 7-5



*А.Б.Омаров*

ISBN 978-601-7221-50-8

© Токтағазин М., 2012



## **Жазушы Әзілхан Нұршайықов**

Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің шығармалары қай кезде де, әдебиеттану ғылымының нақты нысанасына айналып, жан-жақты қырынан зерттеліп келеді. Ғылыми зерттеуге кейде бір қаламгердің тұтас шығармашылығы, кейде сол жазушы шығармашылығының бір қыры өзек болады. Біз бұл жұмысымызға қазақтың көрнекті қаламгері, Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Әзілхан Нұршайықовтың шығармашылығын арқау еттік. Әрине, Ә.Нұршайықов шығармашылығы бұрын зерттелмей жүрген жоқ. Жазушының шығармашылығы туралы бірнеше ғылыми еңбек қорғалды. Қаламгердің туындылары біршама зерттеулерге арқау болды. Бірақ танымы терең, пайымы биік суреткердің шығармашылығы түбегейлі зерттеліп болды деуге ертерек.

Біз бұл зерттеуімізде Әзілхан Нұршайықов шығармашылығын деректік негіз бен көркемдік сипат ұғымдары тұрғысынан қарастырдық. Оның бірнеше себебі бар. Қаламгер барлық дерлік туындыларына өз өмірінде болған жәйттерді арқау еткен. Ол осы оқиғаларды көркем қиюластырып, шебер бейнелей біледі. Жазушы басынан өткен жайларды аса тартымды етіп жаза алады. Ол — оқырманын ең көп тартқан қаламгердің бірі.

Әзілхан Нұршайықовтың деректік негіздерінің дінгегі мықты болады. Себебі, ол Ұлы Отан соғысынан бері үзбей күнделік жүргізіп келеді. Сол күнделіктің негізінде көркем шығарманың ұстынын қалайды. Деректік негізі мықты болған соң, көркем туындының шындыққа сүйену дәрежесі де биік болады. Сол жазған деректік негіздемелерін көркемдеп сипаттау жағынан да қаламгер қабілеттілігімен ерекшеленеді. Зерттеу жұмысында осы айтылған мәселелердің бәрі тиянақтылықпен талданып, байыпты баға берілді.

Әзілхан Нұршайықов — қазақ әдебиетінің ақсақалы, аға буынның өкілі. Сонымен қатар ол жас буынға бағыт-бағдар беретін жұмыс үстіндегі шығармашылық элитаның қатарынан да ажыраған емес. Осы тұрғыдан алғанда оның шығармашылығы қай қырынан зерттеуге де тұрарлық. Ғылыми зерттеу барысында бұрын елдің көзіне түсе қоймаған тың деректер іздеп тауып, ғылыми айналымға енгізуге ден қойылды. Қаламгердің жеке мұрағатының материалдары пайдаланылады.

Қазіргідей руханият мәселелеріне жете мән беріліп жатқан кезеңде қазақ әдебиетінің құндылықтарын игеру басты назарда болатыны даусыз. Еліміздің рухани әлемі көркем шығармалармен үнемі толығып отырады. Әдебиет тарихында айрықша орны бар биік белеске көтерілген шығармашылық тұлғаларымызға деген құрмет ешқашан төмендеген емес. Олардың туындылары елдің бағалы қазынасы ретінде оқырманға жиі ұсынылып, талданып-таразыланып отырады. Сондай-ақ қазақ әдебиетінде жасы ұлғайса да әлі күнге дейін саптан шықпаған тегеурінді қаламгерлер баршылық. Соның бірі және бірегейі Әзілхан Нұршайықов. Оның өмірі де, шығармашылық тұлғасы да кейінгі буынға үнемі үлгі болып келеді. Ол — жаңа заманға бейімделген, қоғамдық зәру мәселелерге жүйелі түрде үн қосып отыратын қаламгер. Жазушының шығармашылық тұлғасы да, көркем-публицистикалық туындылары да өз заманының зәру мәселелеріне арналған. Бұл дүниелер бүгінгі күні де құнын жоғалта қойған жоқ.

Жастар тәрбиесі қай кезде зәру мәселе деп есептесек, Әзілхан Нұршайықовтың барлық дерлік шығармалары ұрпақ тәрбиесіне арналған. Оның туындылары ізгі қасиеттерді насихаттайды. Ал бұл құндылықтардың біздің қоғам үшін қашанда маңызды екені баршаға мәлім.

Әзілхан Нұршайықов шығармашылығы қоғамда қабылданып жатқан жалпы мемлекеттік және салалық бағдарламаның талаптарымен толық үйлеседі. Сондықтан бұл ғылыми еңбекті уақыт қажет етіп отырған зәру мәселеге арналған дей аламыз.

Ғылыми жұмыстың алға қойған басты мақсаты — Қазақстанның халық жазушысы, көрнекті қаламгер Әзілхан Нұршайықовтың шығармаларындағы деректік негіз бен көркемдік сипаттың қалай көрініс тапқаны жөніндегі мәселені зерделеп, ғылыми баға беру. Зерттеу жұмысын ұсыну арқылы осы мақсаттан туындайтын бірқатар міндеттерді жүзеге асыру көзделді. Олар: жазушының шығармашылық лабораториясы жөнінде жан-жақты зерттеу жүргізу, оның қаламгерлік тәжірибесінің қалай басталғаны, қалай қалыптасқаны, даму жолдары туралы ой қорыту; қаламгердің шығармашылығындағы деректік негіздер мен көркемдік сипатты айқындау; Әзілхан Нұршайықовтың шығармашылық тұлғасы, қаламгерлік шеберлігі туралы байлам жасап, оның дара қолтаңбасын, өзіндік ерекшеліктерін таныту; жазушы шығармашылығының қалыптасуы мен дамуына әсер еткен факторларды айқындау; қаламгердің журналистік тәжірибесінің жазушылық кәсіпке әсерінен туындайтын мәселелерді талдап-таразылау; жазушының күнделік жүргізу, қойын дәптерді пайдалану тәжірибесін зерделеу, ондағы деректердің көркем шығармада көрініс табу ерекшеліктері туралы байыптама жасау; қаламгердің деректерді пайдалану үрдісі және оны көркем шығармада пайдалану тәсілдері жөнінде теориялық тұрғыдан талдау жасау; қаламгердің мемуарлық шығармаларындағы көркемдік сипат ұғымына баға беру; Әзілхан Нұршайықов шығармашылығында замана тынысы мен дәуір ахуалының көркем бейнеленуіне талдау жасау; жазушының жинаған деректік материалдары мен оның көркем шығармада пайдаланылған нұсқаларының ара қатынасын айқындау;

Осы мақсатта Әзілхан Нұршайықовтың көптомдық шығармалар жинағындағы бірқатар әдеби туындылары («Қаламгер және оның достары», «Ақиқат пен аңыз», «Махаббат, қызық мол жылдар», «Мәңгілік махаббат жыры», т.б), публицистикалық еңбектері, мерзімді баспасөзде жарияланған



мақалалары мен сұхбаттары, жазушының шығармашылығы туралы ғылыми еңбектер, танымдық әдебиеттер, портреттік мақалаларды осы зерттеуге өзек етіп алдық. Жұмысты орындау барысында халық жазушысының өзімен бірнеше рет әңгімелесіп, ол шығармашылық лабораториясы, көркем шығармаға материал жинау, қойын дәптерді пайдалану, күнделік жүргізу тәжірибесі жөнінде ой бөлісті. Ғылыми зерттеуге Әзілхан Нұршайықовтың жеке мұрағатының материалдары молынан пайдаланылды. Осы тақырыпқа қалам тартқан әдебиетшілер мен журналистердің материалдары да назардан тыс қалған жоқ.

Әзілхан Нұршайықов шығармашылығы алғаш рет деректік негіз бен көркемдік сипат ұғымдары тұрғысынан зерттеу нысанасына айналып отыр. Зерттеу барысында мынадай нәрселерге қол жеткізілді: Әзілхан Нұршайықов шығармашылығында деректік материалдар мен оның көркемдік нұсқаларының арақатынасы айқындалды. Жазушының шығармашылық лабораториясының өзіндік ерекшеліктері талдап-таразыланды. Қаламгердің дерек жинау тәсілдері жөнінде тұжырым жасалды, күнделік жүргізу тәжірибесі толық сараланды. Оның мемуарлық шығармаларында деректер мен мәліметтер қолдану және оны көркем бейнелеу әдістері талданып, қаламгер шығармашылығының тақырыптық-жанрлық ерекшеліктері жөнінде байлам жасалды.

Бұл ғылыми еңбекті әзірлеу барысында негізінен салыстырмалы-талдау тәсілі қолданылады. Жазушының шығармаға дайындық алдында жиған деректері мен көркем шығармада пайдаланған нұсқасындағы мәліметтер салыстырылды. Қаламгер шығармашылығы өзге әріптестерінің шығармашылығымен салғастырыла талданды. Олардың әңгіме-повестеріндегі әдеби детальдармен ұқсастықтар мен ерекшеліктерге назар аударылды. Ғылыми жұмыста мәтіндік талдау әдісі де қолданылды. Жазушының жазу стиліндегі ерекше-

ліктерді саралауға ден қойылды. Осы мәселелерге типологиялық тұрғыдан талдау жасалды.

Зерттеуде қарастырылған Әзілхан Нұршайықов шығармашылығындағы деректік негіз бен көркемдік сипат ұғымдарын талдау барысында қазақ әдебиетінің тарихы мен теориясын зерттеген белгілі ғалымдардың еңбектері кеңінен пайдаланылды. Атап айтқанда, А.Байтұрсынов, М.Әуезов, Ә.Марғұлан, Б.Кенжебаев, Қ.Жұмалиев, Ә.Қоңыратбаев, З.Қабдолов, З.Ахметов, Т.Қожакеев, Т.Көкішев, С.Қасқабасов, Р.Нұрғали, М.Жолдасбеков, А.Қыраубаева, Ш.Ыбыраев, У.Қалижанұлы, Қ.Жүсіп, Қ.Әбдезұлы, Қ.Алпысбаев, Т.Жұртбай, С.Негимов, Р.Тұрысбек, М.Хамзин, С.Қалқабоева, Д.Қамзабекұлы, А.Шәріп, Б.Омаров, Б.Жақып еңбектері ғылыми жұмысқа әдістемелік тиянақ болды. Жалпы әдебиеттану мәселелерін қарастыру барысында Алаш қайраткерлері А. Байтұрсынов, Ә. Бөкейханов, Х.Досмұхамедұлы, Қ.Кемеңгерұлы еңбектеріне сүйену арқылы тұжырым жасалды. Шығармашылық шеберлік мәселесіне талдау жасау кезінде Ш.Елеукенов, Ж.Дәдебаев, С.Абдрахманов, Б.Майтанов, т.б. ғалымдардың еңбектеріне сүйену арқылы ой қорытылды.

Әзілхан Нұршайықовтың деректерді пайдалану тәсілдері, мәліметтерді көркем детальға айналдыру тәжірибесі туралы, жазушы шығармашылығының тақырыптық-жанрлық ерекшеліктері жөніндегі тұжырымдарға бұл сала жайында жазылған ғылыми еңбектер тиянақ болды.

Бұл зерттеуге қойылған теориялық талаптар толығымен орындалған. Жазушының шығармашылық лабораториясы, оның деректер мен мәліметтерді көркем шығармаларда қолдану үлгілері, қаламгердің өзіндік шеберлігі туралы мәселелер теориялық қағидалар ауқымында қарастырылды. Ізденушінің қол жеткізген нәтижелері аталған тәжірибелік тұрғыдағы бірқатар міндеттерді шешуге негізделген. Ғылыми жұмыстың нәтижелерін жоғары оқу орындарының

филология факультеттерінде қазақ әдебиетінің тарихы, әдебиет теориясы пәндері бойынша лекция оқып, семинар жүргізген кезде, арнаулы курстар өткізгенде пайдалануға болады. Бұл еңбектің ғылыми нәтижелерін танымал қаламгерлердің шеберлігін баяндайтын бас қосуларда қолдануға мүмкіндік бар.

Зерттеу нәтижесінде төмендегідей тұжырымдар жасалды: Әзілхан Нұршайықов шығармалары — деректік негізге сүйеніп, көркем шығарма жазудың озық үлгісі. Ол — өмірде болған оқиға мен өзінің бастан өткен жәйттерін көркем дүниеге айналдырып, толыққанды шығарма ретінде ұсыну-дың шынайы шебері. Әзілхан Нұршайықов — баспасөздің мектебінен шыққан жазушы. Ол журналистика саласындағы ұзақ жылғы тәжірибесін көркем әдебиеттегі кәсібіне тиімді пайдаланады, дерек пен мәлімет жинаудың шебері. Әзілхан Нұршайықовтың мемуарлық шығармаларында тұтас қоғамның өмір шындығы бейнеленген, оның күнделіктері қоғамдық тұрмыстың ғана емес, әдеби өмірдің де шежіресі. Бұл жазбалар қаламгерлік ортаның, жазушылар тіршілігінің ұзақ жыл бойы үздіксіз жазылған жылнамасы. Бұл жылнама жазушылар одағының тарихына және қаламгерлер өміріне қатысты деректерді анықтауға, мәліметтерді нақтылауға, жүйелеуге мүмкіндік береді. Әзілхан Нұршайықов — ішкі мәдениетін, өзіндік жұмыс тәртібін қалыптастырған жазушы.

Зерттеу жұмысының негізгі қағидалары мен тұжырымдары Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті бекіткен басылымдарда, сондай-ақ республикалық деңгейдегі басқа да журналдарда, мерзімді баспасөзде жарық көрді, әртүрлі дәрежеде ұйымдастырылған халықаралық, республикалық ғылыми-теориялық конференцияларда баяндамалар жасалды.




**I ТАРАУ**



**ДЕРЕКТІК  
НЕГІЗ**





Қазақ әдебиетінің алға қойған басты міндеті — ұлт санасын тазарту, ұрпақ мінезін қалыптастыру болып саналады. Әдебиетте орны бар кез-келген көркем шығарма тәрбиелік роль атқарады десек, біздің талай рухани құндылықтарымыз арқылы сан ұрпақ өзіндік бет-бейнесін орнықтырып, тиісті бағыт-бағдар алғаны анық. Қазақ қаламгері қазақ халқының перзентінің санасы сергек, көңілі ояу болуы үшін көркем шығармасының өзегіне тәрбиелік-тәлімдік идеяларды ұялатады. Соқталы дүние жазған жазушының еңбегі ақталып, оның шығармасы елдің қолынан түспей оқылып, бірнеше буынның кәдесіне жарап жатады. Қазақ елінде мұндай биік деңгейге көтерілген қаламгерлер жеткілікті.

Адамзаттың ойшылы, ұлы Абайдың ой таразысынан шығып, қалың елге арналған «Ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ» [1, 96], — деген тұжырым талай ақын-жазушының көңіл-күйін дәл танытады. Осындай ойға бекінген қаламгерлер жазар дүниесінің нобайы ретінде қойын дәптерлеріне үнемі пікірлерін түсіріп отырады. Сол арқылы болашақ көркем шығарманың деректік негіздері қаланады.

Жазушының көркем шығармасына желі болатын нәрсе — сол қаламгердің өзінің өмірі. Егер ол өз өмірінің әрбір сәтін жазып, ой ұшқындарын дәптерге түсіріп жүретін ұқыпты адам болса, оның көркем дүниесіне пайдаланатын мәліметтер

де мол болады. Сөз қадірін білетін қаламгерлердің көбісі осы тәжірибені қолданады. «Сөз өнері адам санасының үш негізіне тіреледі: 1) ақылға, 2) қиялға, 3) көңілге. Ақыл ісі — аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғыну, тану, ақылға салып ойлау, қиял ісі — меңзеу, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бейнесіне ұқсату, бейнелеу, суреттеп ойлау; көңіл ісі — түйю, талғау» [2, 343], — деп Ахмет Байтұрсынов айтқандай, сөз өнерінің үш негізіне де жазушының өмірден түйген тәжірибесі деректік тұғырнама бола алады. Қаламгердің өз өмірінен алынып, көркем шығарманың өзегіне айналған, бүкіл ел болып оқитын рухани құндылықтар ретінде бағаланатын дүниелерді көріп жүрміз.

Өз тұсында Ресейдің бұғауынан босағанда : «Азаттық таңы атты. Тілекке құдай жеткізді. Күні кеше құл едік, енді бүгін теңелдік. Қам көңілде қаяудай арман қалған жоқ» [3, 234], — деп Әлихан Бөкейхановтың қуанғаны секілді Қазақ елі тәуелсіздікке қол жеткізіп, өзінің бағыт-бағдарын түзеді. Тәуелсіз елдің тәуелсіз рухани әлемі, тәуелсіздік талаптарына негізделген көркем әдебиеті болуға тиіс. Осы тұрғыдан алғанда қазақ әдебиеттану ғылымының алдына да бірқатар міндеттер қойылып отыр. Бұл міндеттер Қазақ елін әдебиетінің ұлттық мұрат пен елдік сипатқа қызмет етуіне баса назар аударып, ол талаптың қаншалықты орындалып отырғанын саралауға жетелейді.

Қазақ әдебиетінің тілдік ерекшелігі мен өзіндік сипаты жағынан әлемдік үлгілермен таласа алатыны үнемі айтылып жүр. Егер аудармалық нұсқасы жоғары деңгейде жүзеге асырылса, жалпақ жұртқа кең танымал болатындай шығармаларымыз баршылық. Осы орайда «Мазмұны жағынан қазақ халық әдебиеті айрықша дара түр және о бастағы таза, төл қалпын сақтаған... Сырт кейпі, яки тіл жағынан да қазақ әдебиеті өзінің таза, төл қалпын сақтаған... Сөздердің туралығы мен дәлдігі, айқындылығы мен әуезділігі, тілдегі кең қамтып, көркем суреттеу мен әуенді-әуезділік қазақ халық әдебиетінде ғажап дамыған» [4, 31], — деген

Халел Досмұхамедұлының пікірі біздің ойымызға түпқазық бола алады.

Біздің әдебиетіміз — дамыған, биік белеске көтерілген әдебиет. Сан ғасырлық белестерден асып, әр түрлі уақыт бедерінен өткен рухани құндылықтарымыз баға жетпес мұрамызға айналды. Жаңа заман жаңа шығармаларды тудырып жатыр. «Қазақ әдебиетінің тарихы, бағыты жағынан айтылған осы сияқты азын-аулақ мағлұматқа қарап, барлық жазба әдебиеттің салмағын өлшегенде, қазіргі қалпын бағалағанда, айтатын сөз: біздің әдебиет әлі жас, әлі бойы өсіп жетілген жоқ. Өткен күніне қарап, келешегі зор десек, біздің әдебиет келесі күнде шығатын талай тұрғыларының біреуіне ғана жаңа-жаңа тырмысып келеді» [5, 233], — деген пікірді Мұхтар Әуезов 1927 жылы айтса, одан бері өткен бір ғасырға жуық уақытта әдебиет адам айтқысыз дәрежеде дамыды. Қазақ әдебиетінің жаңа дәуірдегі қаламгерлер шоғыры тәрбиеленіп шықты.

Біз бүгін өз тұсында сол шоғырдың бірегей өкілі болған, әдебиетіміздің ақсақалы, Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Әзілхан Нұршайықовтың шығармашылығын қарастыруды мақсат еттік. Жазушының көркем дүниелері қай тұрғыдан қарастырып зерттеуге де тұрарлық.

Жазушы Ә. Нұршайықовтың творчествосы туралы көптеген замандас жазушы, сыншы, ғалымдар баспасөз бетінде өздерінің жүрек жарды пікірлерін айтқан. Олар: Мұхтар Әуезов, Мұқан Иманжанов, Темірғали Нұртазин, Есмағамбет Ысмайылов, Бейсенбай Кенжебаев, Әнуар Әлімжанов, Тахауи Ахтанов, Баламер Сахариев, Мұзафар Әлімбаев, Тұрсынбек Кәкішев, Мырзабек Дүйсенов, Ілияс Есенберлин, Рахманқұл Бердібаев, Зейнолла Қабдолов, Әди Шәріпов, Мұхаметжан Қаратаев, Медеу Сәрсекеев, Қабдеш Жұмаділов, Бекежан Тілегенов, Сағат Әшімбаев, Төлеген Тоқбергенов және басқалар.

Бұдан бұрын Әзілхан Нұршайықов шығармашылығына арналған ғылыми еңбектер қорғалды [6,7,8]. Жазушының әр кезде жазған шығармалары туралы мақалалар мен зерттеулер [9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26] мерзімді басылымдарда жиі жарияланып тұрады. Бұдан аңғарылатыны, Ә.Нұршайықов шығармалары өміршеңдігімен оқырмандарын баурап алған. Сондықтан оның туындылары әдебиетші қауымды да бей-жай қалдырмайды. Кейбір жазушының кітабы туралы мерзімді басылымдарда ешқандай пікір жарияланбай қалатын сәттері болатыны жасырын емес. Ал Ә.Нұршайықовтың кез-келген кітабы сыншылар мен әдебиетшілерді, оқырмандарды бірден елең еткізеді. Басылымдарда рецензиялар, қарапайым оқырман хаттары жарияланып жатады. Мұның өзі қаламгер шығармаларының көркемдік құндылығын аңғартса керек.

Біз өз зерттеуімізде қаламгердің шығармашылығына деректік сипат пен көркемдік ұғымдары тұрғысынан зер салдық. Деректік негіз және көркемдік сипат дегенде бірден көзге түсетін екі жайтқа назар аударуға болады. Біріншіден, белгілі қаламгердің шығармашылығынан оның ұзақ жылдар бойы журналистиканың қазанында қайнап, пісіп-жетілгендігін, осынау журналистік тамаша тәжірибесінің жазушы шығармашылығына ықпалы мол болғанын айтқан жөн. Екіншіден, Әзағанның алдыңғы ұрпақ — классик жазушылардың дүниелерінен жан-жақты хабардар бола тұра тек өзіне ғана тән жол іздегендігі, әрі оны тауып, тың стильмен, өзіндік өрнек-машықпен әдеби ортаға танылғаны оқырмандарға белгілі. Оған жазушының қолындағы мыңдаған хаттарды көргенде тағы да көз жеткіземіз.

Байыппен қараған адамға Әзілхан Нұршайықов шығармашылығы сан қырлылығымен және көптеген жанрларды қамтитындығымен ерекшеленеді. Тағы бір ерекше атап көрсетерлік жайт — Әзағанның өзгеше еңбекқорлығы мен ұзақ жылдар бойы қалыптасқан ұқыптылығы, ықтияттылығы.



Оны сонау Ұлы Отан соғысы жылдарындағы от пен оқтың ортасында отырып жазған күнделіктерінен бастап қаламдастарымен жазысқан хаттарынан, құнды құжаттарды қапысыз сөйлете білу шеберлігінен, оны деректі шығармаларында өте орынды қолдана білуінен аңғаруға болады.

Жазушы шығармашылығының қыр-сырын, оның көркем дүниелерінің мазмұнын ашып, әр түрлі жанрдағы туындыларын талдау үшін әдебиет тарихы мен теориясын зерттеген бірқатар белгілі ғалымдардың зерттеулерінің нәтижелеріне сүйендік. Атап айтқанда, жазушы шығармашылығын теориялық талаптар тұрғысынан саралаған кезде В.Радлов [27], В.Жирмунский [28], А.Веселовский [29], Н.Конрад [30], Л.Тимофеев [31], Н.Венгров [32], Г.Поспелов [33], А.Соколов [34], Сакулин П [35], М.Бахтин [36], В.Кулешов [37], В.Федоров [38], В.Виноградов [40], И.Габдиров [41], В.Гусев [42], Н.Гуляев [43], Л.Гусейнов [44], И.Кузьмичев [45], казак әдебиетінің дәстүрлері тұрғысынан тұжырым жасау кезінде А.Байтұрсынов [47], Ә.Бөкейханов [48], Х.Досмұхамедов [49], М.Әуезов [50], С.Мұқанов [51], І.Омаров [52], Б.Кенжебаев [53], Ы.Дүйсенбаев [54], Х.Сүйіншәлиев [55], З.Ахметов [56], З.Қабдолов [57], С.Қирабаев [58], М.Атымпов [59], М.Базарбаев [60], Р.Сыздықова [61], Т.Кәкішев [62], Р.Нұрғали [63], М.Жолдасбеков [64], С.Қасқабасов [65], Ш.Елеукенов [66], Ә.Нарымбетов [67], Ж.Дәдебаев [68], А.Егеубаев [69], Т.Жұртбаев [70], Қ.Алпысбаев [71], С.Негимов [72], Р.Тұрысбек [73], Қ.Ергөбеков [74], Б.Майтанов [75], Б.Ыбырайымов [76] еңбектеріне сүйеніп, тұжырымдар жасалды. Сонымен қатар Әзілхан Нұршайықов шығармаларына желі болып тартылған адами қатынастар, адамгершілік қасиеттерді айқындау [77; 78; 79; 80; 81; 82; 83; 84; 85], қаламгер шығармашылығының жанрлық табиғатын таразылау [86; 87; 88; 89] барысында да бірқатар ғылыми еңбектерді теориялық-әдістемелік тиянақ ретінде пайдаландық.

Алдымен Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Әзілхан Нұршайықовтың өмірбаяны жөнінде қысқаша дерек келтіре кетейік. Ол 1922 жылғы 15 желтоқсанда Семей облысының Жарма ауданына қарасты «Келін сүйегі» деген жерде туған. («Келін сүйегі» бұрынғы «Ақбұзау» колхозына қараған.) Қазақ мемлекеттік университетін бітіргеннен кейін 1972 жылдың ортасына дейін үзбей журналистік қызмет атқарған. Әдеби қызметкерден бастап, журналистік лауазымның барлық баспалдағынан өткен. Алдымен Семей облыстық «Екпінді» (қазіргі «Семей таңы») газетінің әдеби қызметкері, меншікті тілшісі, «Қазақстан пионері» газетінің бөлім меңгерушісі, «Социалистік Қазақстан» газетінің әдеби қызметкері, жауапты хатшының орынбасары, меншікті тілшісі, бөлім меңгерушісі, редактордың орынбасары, Павлодар облыстық «Қызыл ту» газетінің бас редакторы, «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы болған. Кейінгі төрт жылда Қазақ Совет энциклопедиясының редакция меңгерушісі қызметін атқарған. 1972 жылдың екінші жартысынан бастап журналистикадан қол үзіп, әдеби шығармашылыққа емін-еркін кіріседі [90, 17].

Әзілхан Нұршайықов шығармашылығы көп қырлы. Ол журналистиканың көптеген жанрларынан бастап, күнделік-эссе, әңгімелер, повестер және романдар жазды. Жазушының «Алыстағы ауданда» (1956), «Тың астығы» (1958), «Ертіс жағасында» (1959), «Жомарт өлке» (1960), «Махмет Қайырбаев» (1967), «Жер туралы жыр» (1974), «Мен журналиспін» (1978), «Коммунист туралы сөз» (1982) деп аталатын очерктер жинақтары, «Махаббат жыры» (1964), «Ботакөз», «Ескі дәптер», «Әсем» (1966), «Алтын соқпақ» (1967), «Батырдың өмірі» (1969), «Махаббат, қызық мол жылдар» (1970, 1972), «Ақиқат пен аңыз» (1976, 1978), «Автопортрет» (1977), «Тоғыз толғау» (1977), «Өмір өрнектері» (2000), «Мәңгілік махаббат жыры» (2005) атты кітаптары елдің сүйіп оқитын рухани дүниелеріне айналды. Ә.Нұршайықов кітаптарының қай-

қайсысы да тартымдылығымен, терең мазмұндылығымен, жеңіл оқылуымен оқырманды бірден баурап алады. Кез-келген туындысы алғашқы сөйлемдерінен бастап еріксіз жетелеп ала жөнеледі. Ал мұндай жазушының мындаған оқырмандары алдында кеңінен танымал болмауы мүмкін емес. Бұл туралы классик жазушымыз Ғабит Мүсірепов: «Әзілхан - біздің республикамыздағы, үлкен одақ көлеміндегі жақсы танылған прозаиктеріміздің бірі. Әзілханның әрбір кітабы, баспадан шыққан әрбір сөзі — біздің халықтың көңіліне, жүрегіне қонып жатқан сөздер, ұялап қалған ойлар. Қазіргі кітап оқитын адам, радио тындайтын жұрттың бәрі де Әзілханмен өте таныс» [91, 266] деп тебіренеді. Сөзге сараң, сырбаз мінезді Ғабеннің бұлайша шешіліп сөйлеуі әріптесіне деген шынайы ықыласының көрінісі болса керек.

Өйткені Ә.Нұршайықов шығармаларының таралымы жөнінен өз әріптестерінің алғы шебінде келе жатыр. Оның қазақ, орыс, украин, чех, қырғыз және басқа тілдерде шыққан кітаптарының жалпы таралымы 1 миллион данаға жуықтапты. Әсіресе «Махаббат, қызық мол жылдар», «Ақиқат пен аңыз», «Тоғыз толғау» және басқа шығармалары туралы жазылған рецензиялар мен мақалалардың өзі бірнеше томға жүк болғандай екен. Соның бір нәтижесіндей «Ақиқат пен аңыз» роман-диалогына Қазақ ССР-інің Абай атындағы мемлекеттік сыйлығы берілген (1980), Москвадан 1985 жылы «Дорогой памяти» деген атпен орыс тілінде 100 мың дана тиражбен басылып шыққан «Ақиқат пен аңыз» роман-диалогы мен әскери повестеріне Ә. Нұршайықов А.А. Фадеев атындағы халықаралық сыйлыққа ие болды (1986). Ал 1990 жылы Әзілхан Нұршайықовқа Қазақстанның Халық жазушысы атағы берілді.

Ал әдебиетіміздің ақсақалы Әбділда Тәжібаев былай дейді: «Мен өзім төл әдебиетіміздің прозасына қатты қуанамын. Соның әрбір жетістігі жанымды рахатқа бөлейді. Солардың ішіндегі мені қуантатын прозаиктердің бірі - осы

отырған Әзілхан. Шіренбей, сызданбай, кеудесін соқпай, үн-түнсіз, өне бойы кішіпейіл қалыпта жүріп, халыққа көп қызмет етіп келе жатқан және халыққа соншалық даңғыл болып алған жазушылардың бірі де осы жігіт. Мен Әзілханмен бірге осы биыл Талдықорған, Жамбыл, Шымкент облыстарын араладым. Үйден аттанғанда бұл маған сопровождающий болып шыққан сияқты еді. Ал бара-бара бұған мен сопровождающий сияқты боп қалдым. Халықтың сүйіспеншілігі солай! Әзілхан сөз сөйлеп болғаннан кейін жұрттың бұған деп қол соғуын көрсең: қаншама мейір, ықылас, ризашылықты аңғарасың. Артында келе жатқан інінді елдің құрметтегенін көргенде көзіңнен жас та шығып кетеді екен... Шынымды айтсам, мен Әзілханның ел арасында мұндай мәшһүрлігіне бір жағынан қуанып, бір жағынан сүйсіне қызғанып отырдым. Қызғанудың ең жақсы мағынасында айтып тұрмын» [91, 114].

Мұндай лебіздер Ә.Нұршайықовтың өз тұстастарының аузынан да айтылды. Жазушының бүкіл жұрт жаппай оқыған «Махаббат, қызық мол жылдар» романының кейіпкері Жомартбек Жолдиннің прототипі - филология ғылымдарының докторы Мырзабек Дүйсеновтің мына бір пікірінің терең мәні бар: «Осы тұста тағы бір жайға назар аудару керек сияқты. Кейде өзі дүниені лайлап жүріп адалдық, моральдық тазалық туралы айғай салатын ағайындарды көргенде, іштей қысылып, тіпті қынжылып қалатынымыз бар. Жазушы өз жүрегі ағармай тұрып моральдық-этикалық мәселелер туралы шыншылдықпен айта алмайды, айтқандары және сендірмейді, әсер етпейді. Мен білетін Әзілхан өмірде таза, кішіпейіл, гуманист, партиялық принципіне берік жан. Жақын араласқан адамдардың қай-қайсысы болса да оның бұл қасиетін мойындайды, сол үшін сыйлайды да. Міне, жазушының бұл қасиеттері оның кейіпкерлеріне де тән. Жүрек сөзін ағынан жарылып, ашық айта алғандықтан да оның шығармалары оқушы қауымының нәзік сезімдерін қозғап, жүрегіне жылу дарытып, санасына жарық сәуле

шашады» [92, 12]. Жазушы шығармашылығы туралы ыстық лебізін айтқандар жеткілікті. Олардың барлығы да осынау шынайы талантқа ерекше ризалығын білдіріп отырған. Әрқайсысы қаламгер шығармашылығының әр қырынан келеді.

Әзілхан Нұршайықов шығармаларының жазылу тәсілі қандай? Ол көбіне-көп «мен» деген тұрғыдан, яғни, бірінші жақтан баяндап отырады. Кез-келген шығармасының алғашқы сөйлемін оқыған адам одан басын ала алмай, еріксіз тұсалып қалады. Бұл нені көрсетеді? Әрине бұл қаламгер шығармашылығындағы шынайылықты танытады. Қара қылды қақ жарған әділеттілік, қалың елдің жүрегіне жол тапқан қарапайымдылық жазушының жан-дүниесіне берік қонақтаған қасиеттер тәрізді. Өмірге ерекше ынтызар, тіршілікке күштар ақ көңілді, пәк ниетті, парасатты да адал кейіпкердің бұл өмірдегі көрген-білгендерін шыншылдықпен баяндап, риясыз екшеп, мөп-мөлдір сезімін жайып салуы оқырманға айрықша әсер етеді. Сол оқырман кейіпкердің адамгершілігі арқылы жасалған әрбір іс-әрекетін ой елегінен тынымсыз, тоқтаусыз өткізіп отырады. Міне, Әзағаның кез-келген шығармасының оқырманды өзіне тартып, терең ойға жетелейтін себебі осы болуы керек.

Академик Зейнолла Қабдолов: «Әзілхан Нұршайықовтың очерктері жалықтырмайды, қызықтырады, жеңіл оқылады. Мұның бірнеше себебі бар... Осы ерекшеліктер Әзілхан Нұршайықовты әдебиетке келген бетінен бастап-ақ біртүрлі соны қалыпта танытқан-ды» [93, 342], — деп баға беріпті. Әзілхан Нұршайықов шығармашылығы туралы лебіздердің бірқатары өлеңмен өрнектелген. Қазақтың арқалы ақындары өздерінің пікірін жыр жолдарымен білдірген. Мысалы, белгілі ақын Қадыр Мырзалиев:

Құрметті Әз-аға!  
Аспандай таза аға!

Қызықты кітапты

Сіздей ел жаза ма?! [93, 340], —

деп шынайы сүйіспеншілігін танытыпты. Сондай-ақ, тағы бір танымал ақын Мұхтар Шахановтың:

Әз-аға!

Өнерде кең қанат, иықты,

Қырандай аңсаған биікті,

Талантын жастық шақ қолдаған,

Жастықтың өніндей самғаған,

Азамат ағасың сүйікті...

Жастықтай қымбатсың Сен маған! [93, 341], —

деп тебірене жырлап, қаламгердің азаматтығына, талантына жоғары баға беруі тегін болмаса керек.

Қаламдастар лебізі тек жазушының шығармашылығының қыр-сырларын ғана танытып қоймайды, оның өзі, әдеби ортадағы орны туралы да қоғамдық пікірді қалыптастырады. Осы тұрғыдан алғанда, әріптестерінің ой-тұжырымдарын халық жазушысының шығармашылық тұлғасына берілген шынайы баға деп қабылдаған ләзім.

Әзілхан Нұршайықов шығармашылығындағы атап көрсетерлік ең басты ерекшелік — қаламгер туындыларының барлығы дерлік нақты деректерден тамыр тартып, нәр алып жатады. Осындай өзіндік өзгешелігімен де шынайы әрі тартымды. Өйткені Әзаған кейбір әріптестеріміз тәрізді жалқаулыққа салынып, сүреңсіз, жансыз цифрларды мұрнынан тізіп, орынды-орынсыз самсатып қоймайды. Бұл әрине, жазушы цифрлар мен фактілерді мүлде қолданбайды деген сөз емес. Керісінше, цифр, фактілерді қолданғанда оның әрқайсысы орын-орнымен нақты бір ой-идеяға қызмет етіп, соның құрамдас бөлшегіндей болып тұрады. Мысалға жазушының ең алғашқы очерктер жинағы «Алыстағы

ауданданы» алайық. Осындағы басты кейіпкер аупартком хатшысы Асановтың бейнесі ерекше сомдалған. Іскер басшы бәзбіреулер құсап жылы креслода шегеленіп отырмайды. Керісінше, ол — ауданның колхоз-совхоздарын, фермалары мен мал қыстақтарын аралап, қарапайым халықпен қоян-қолтық жұмыс істейтін өте еңбекқор, талантты басшы ғана емес, ой-өрісі кең, бүгінгінің митың тіршілігіне байланып қалмай, келешекке көз жүгірте білетін, атқаратын жұмысын қапысыз жоспарлай алатын көреген азамат. Ол - елден жұмысты ғана талап етпей, олардың жағдайына, күнделікті тұрмыс-тіршілігіне үңіле білетін жанашыр, қайырымды басшы. Ол тіпті ауылдарды аралағанда жанына жергілікті газеттің бір өкілін ерте жүруді әдетке айналдырған. Еңбек адамдарының мерейін өсіру үшін оларды баспасөз бетінде көрсетуді арнайы тапсыруды екі басшының бірі ескермейтіні белгілі. Мінеки осы Асанов аудандық газет редакторына былай дейді: «Сендер осы, газет қызметкерлері, цифрды орынды-орынсыз мұрнынан тізе беруді қашан қоясындар? Адамның жанын, жүрегін, ішкі дүниесін неге көрсетпейсіңдер? Сенің газетіңнен адам көрсем бұйырмасын осы. Ылғи көретінім цифр» [94, 218]. Әлбетте бұл очерк кейіпкері айтқан оймақтай ой журналист Нұршайықовтың да өзіне қойған қатал талабы, берік ұстанған принципі десек болады. Өйткені Әзаған қарапайым газет очеркінің дәрежесін көтеріп, оны тіпті әдеби очерк мәртебесіне дейін жеткізді. Ол туралы Мұқан Иманжанов: «Жай ғана жиналыстан ешқандай сюжет табуға болмайтыны сияқты қарапайым жиналыстан мұндай әңгіме тудыру («Алыстағы ауданданы» айтады. Ред.) — өмірді зерттегіштік, шеберлік. Иә, иә, бұл әңгіме. Мұныңмен очерк жазуды біраз қиындаттың. Несі бар, дұрыс. Қиындасын», - деп атап көрсетуі Әзағанның деректерді «ойната» білуіне берілген жоғары баға деп түсінген ләзім [95, 341-342].

Әзілхан Нұршайықовтың әйгілі «Махаббат қызық мол жылдар» романының да деректік негіздері жеткілікті. Ең

бастысы, мұндағы кейіпкерлердің көпшілігінің прототиптері бар. Мәселен, журналист Ербол Есенов өмірдегі Әзағанның нақ өзі болса, Меңтай Ербосынова - Нұрғамила Нұрбосынова - оқу ағарту саласында ұзақ жылдар бойы абыроймен қызмет атқарған ұстаз, Кентау қаласының құрметті азаматы. Жомартбек Жолдин - Мырзабек Дүйсенов, филология ғылымдарының докторы, профессор, жазушы. Майра Абаева - Майра Ыбыраева да ерекше абыройға бөленген ұстаз, оқу-ағарту ісінің үздігі. Тәкен - Әзағанның майдандас жолдасы аға сержант Тәкен Майшынов, Нәзікеш - Төлеу Қуанышева, Заман - лейтенант Матан Әлімбетов, Тана Серкебаева — Тұрсын Тасқынбайқызы, Батыр ана, оқу-ағарту ісінің үздігі. Сонымен қатар романда шеберлікпен бейнеленген Мұхит Әуенов — ұлы жазушы Мұхтар Әуезов. Ғалым Мәлкен — Мәлік Ғабдуллин, Кеңес Одағының Батыры т. т. болып кете береді. Сондай-ақ көркем шығарма болса да Ерболдың оқитын жері Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультеті, Пушкин кітапханасы, Никольск шіркеуі, Никольск базары маңындағы жатақхана, көше атаулары өзгеріссіз алынған. Карл Маркс, Виноградов, Совет, Калинин, Шевченко көшелері сол күйінде аталады. Өмірде бар нәрселер туындыда да өз атымен берілген. Кейбір жер атаулары сәл өзгертіліп алынған: Ақбұзау колхозы — «Ақбота ауылы», Шар стансасы — «Нар» стансасы, Түрген селосы — «Бүрген» ауылы т.б.

Кейіннен Әзаған «Махаббат, қызық мол жылдар» кітабы қалай жазылды?» деген тақырыптағы оқырманға хатында мына жайттарға да назар аударады. «Кітапқа кірген «Тоғжан» деп аталатын новелла-тараудағы адамдардың бәрі де өмірде болған, кейбіреулері қазір де бар адамдар. Олар неміс фашистеріне қарсы күресте ерлікпен қазақ тапқан кіші командирлер: Айтқали Құсайынов, Нәсіп Қалиев, Әбдірахман Бимурзин, Сенбек Молдабаев, Мәншүк Мәметова, офицерлер Қажым Көшеков, Жамалхан Жамалбеков,